

ЖШС «Зарина» бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы
№ 1

Жаскешу ауылы

28.08.2022 жыл

Қатысқандар:10

Қатысқаны:0

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.***
- 2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.***
- 3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.***
- 4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.***

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі Досмайлова Эльмира : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Ақкөгершін » тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сауат ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Балабақша меңгерушісі:

Ж.Р.Джапарбекова

Хатшы:

Халыкова.Ә



ЖШС «Зарина» бөбекжай бақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы
№ 2

Жаскешу ауылы:

02.11.2022 жыл

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.***
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.***
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.***
- 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.***

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер Тогаева Нұрбике топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі Мактумкулова Қаламқас 2022 – 2023 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте

отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитамины беріп жүргендегі туралы айтылды.

4 – ші мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал – жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Үлкен топтарда варитативтік сабақтар өз уақытында өткізілгендігін айтты. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.**
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымша инновациялық жоспарлар жасалынсын.**
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.**
- 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.**

Балабақша меңгерушісі:

Хатишы:



Ж.Р.Джапарбекова

Халыкова.Ә

ЖШС «Зарина» бөбекжай бақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы

№ 3

Жаскешу ауылы

09.01.2023

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі.
 2. Балалардың жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы білім деңгейі
 3. Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы.
- 1– ші мәселе бойынша әдіскер Тогаева.Н оқу-іс-әрекетінде мемлекеттік тіл қазақ тілінің қаншалықты маңызды екендігін айта отырып, барлық топтарда осы мақсатта қазақ тілінің дұрыс жүргізілуіне қатаң көңіл бөлетіндігін айтты. Сол мақсатта топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің қазақ тілі – ана тілі -мәртебем сынды іс-шаралар өткізуге кеңестер бергендігін ескертті. Және оның жүргізілуін бақылауды өзіне қалдырығандығын айтты.
- Қыркүйек айының 22- күні барлық топтарда тіл мерекесіне байланысты , ашық іс-шаралар ұйымдастырылып, ертеңгіліктер өткізілді. Сондай-ақ , бұл іс-шараларға ата-аналарда барынша қатысып, белсенділік танытты. Сонымен бірге, барлық топтарда , түстен кейінгі уақыттарда мәнерлеп оқу , ертегілер еліне сынды қосымшап жұмыстар жүргізіліп, тіл мәдениетін балаларға жеткізіп отырғандығын айтып өтті.
- 2 – ші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике балабақшадағы Қоршаған ортамен танысу оқу іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылады. Осы мақсаттарда ересектер тобындағы бүлдіршіндер жануарлар әлеміне саяхат жасап, аңдармен ,жанураларды жеке танысып, тоқталып өтті. Балапан топ бүлдіршіндері жабайы және үй жануарлын ажырата білетіндігін көрсете біледі. Сондай-ақ

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі Мақтұмқұлова Қаламқас балабақшадағы сауықтыру шараларын өткізу әдісіне тоқталып өтті . Барлық топ бойынша таңертеңгілік жаттығулардың жүргізілу барысын бақылағандығын айтты. Балабақшадағы дене жаттығулары мынадай түрлерге бөлінеді: таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың бойын сергітіп, жақсы көңіл күй сыйласа, қимылды ойындар балалардың ақыл – ой дамытады. Сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал таңертеңгі жаттығулар. Күнделікті белгілі бір уақытта әр топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жаттығу ұйымдастырылады. Саяхат сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Айта кететін болшақ «Біз саяхатқа шығамыз» атты , экскурсия сабақтары , «менің ауылым » сынды саяхат сабақтары жүргізіліп отырады.

1. Жасалынған бақылау жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Қоршаған орта оқу-іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылауын балабақша әдіскеріне тапсырылып, жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.
3. Балаларға сауықтыру шараларын тұрақты түрде жүргізілуін қадағалау балабақша медбикесі және топ жетекшілеріне , дене –шынықтыру нұсқаушыларына жүктелсін.

Хатшы:

Халыкова.Э



ЖШС «Зарина» бөбекжай бақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы

№ 4

Жаскешу ауылы

01.03.2023

Қатысқаны: 15

Күн тәртібінде:

- 1.Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі
- 2.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы
- 3.МЖББС ,жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингін талқылау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл кеңесті ашық деп жариялады.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бақшамыздың медбикесі Мактумкулова Қаламқас тыңдалды. Медбике балалардың ауруға шалдығуын талдап, жартыжылдық есебін берді. Ол өз сөзінде балалар көбіне әлсіз, кез келген ауруды бойына тез жұқтырғыш болып келетінін айтты. Жиі сырқаттанатын балалар - иммунитеті әлсіздер. Сәби қатты тұмауратса, иммунитеті әлсіреп, соның салдарынан инфекциялық аурулар созылмалы басқа ауруларға айналып кетуі мүмкін. Мысалы, тұмаудың соңы бронхит, отит, бронхиалды демікпеге ұласу қаупі басым. Баланы таңертең бақшаға қабылдау кезінде міндетті түрде температурасын өлшеп, тексеріп барып, қабылдағандығы дұрыс екендігін атап айтты. Бірақ біздің бақшамызда қуанышқа орай ондай асқынулар орын алған жоқ. Өйткені тұмаудың алғашқы белгілері анықталғаннан ата-анаға хабар беріп, балаға дер кезінде ем көрсетіледі. Келесі кезекте медбике І жартыжылдықта атқарған жұмыстары бойынша есеп берді. Медбике өзінің басты міндеті балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және шынықтыру екендігін айта келе, осы бағытта атқарған жұмыстары туралы айтып өтті. «Зарина» бөбекжай-бақшаның санитарлық жағдайы мен күн тәртібін қадағалау күнделікті жүргізіліп отырғанын айтты. Бақшамызда балалардың денсаулығын шынықтыру шаралары, күнделікті таза ауадағы серуен кестеге сай жасалып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар жылына 2 рет антропометрия өткізу (бала бойы мен салмағын өлшеу) жұмысы жасалатынын айтты. Топтың кварцеваниесін және залалсыздандыруды, хлор сақтағыш құрамның мақсатты түрде пайдалануы жүйелі түрде қадағаланып тұрады. Қысқы мезгілде тұмаудың алдын алу жұмыстары (оксолин жақпа майымен өңдеу)

жүргізіледі. Балабақша қызметкерлерін өз уақытында медициналық байқаудан өтуі үнемі өзінің бақылауында екенін айта келе, бөбекжай-бақшадағы балалардың денсаулығы және санитарлық-гигиеналық жағдайы өз калпында деп өз сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе -тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы бойынша балабақшаның медбикесі Мақтумкулова Қаламқас тыңдалды. Медбике бақшамызда баланың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары:

- азық-түліктердің құрамы;
- сапасы мен көлемі;
- тәртібі мен ұйымдастырылуы.

Бақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары бас медбикеге жүктеледі және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отырады. Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау жұмыстарындағы медбикенің міндеттері:

- жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау;
- сақтау мерзімінің талаптарын орындау;
- ас мәзірінің құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау;
- тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы;
- балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалау болып табылады. Бас медбике балабақшадағы ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын ұстауын күнделікті тексеріп, топтағы балаларға тамақтардың жеткізілуін қадағалайды. Жеткізілген азық-түліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты, пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарға жеткізілетін тамақ өнімдері мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес тексеріледі. Тез бұзылатын өнімдердің сапа куәлігінде: сұрыпы мен санаты, пайдалану мерзімі, зертханалық мәліметтері, сақтау мерзімі көрсетілуі керек деп атап өтті. Медбике бақшамызда күннің бірінші жартысында бала ағзасына пайдалы дәрумендермен байытылған және ақуыз бен майға қаныққан тағамдар берілсе, кешкі асқа тез қорытылатын жемістер мен көкөністер, сүт, өнімдері берілетінін айта келе балалардың дұрыс тамақтануы үнемі бақылауда екенін айтты.

Тыңдалды:

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бақшамыздың әдіскері Тогаева Нұрбике сөйледі бала дамуының деңгейін қадағалап отырудың білім беру үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін маңызы зор. Ол мониторинг жолымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің Мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартына сәйкес педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттары және білім беру салалары бойынша балалар дамуы туралы мәліметтер алуға, және әрбір баланың жеке көрсеткіштерін есепке ала отырып, педагогикалық үдерісті өз уақытында түзетіп отыруға мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар Тогаева Нұрбике І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингіне талдау жасап, көрсеткіштеріне жеке тоқталып, жалпы бақша бойынша пайыздық көрсеткіштерін айтып өтті:

Қаулы етті:

1. Медбикенің атқарған жұмыстарына оң баға беріліп, І жартыжылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың дұрыс тамақтану сапасы жақсы деп бағаланып, дұрыс тамақтану үнемі қадағалауда болсын.
3. І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.Р.Джапарбекова

Хатыкова.Ә

**ЖШС «Зарина» бөбекжай бақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы**

№ 5

Жаскешу ауылы

26.05.2023

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. II жарты жылдықты қорытындылау. Байқау-конкурстары, жобалар қорытындысы туралы (мәлімдеме).
2. Жазғы демалыс сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.
3. Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы

Тындалды:

Бірініші мәселе бойынша әдіскер Тогаева Нұрбике Желтоқсан, қаңтар айларында қардың жаууына байланысты өтілген «Табиғат - біздің панамыз», «Қардан жасалған қысқы құрылыстар» байқау конкурстары өте қызықты өтілді. Таза ауада қармен ойындар ұйымдастырылды. «Салт - дәстүрім - байлығым» көрмесі ата-аналар мен ұжым қызметкерлері арасында өтілді. Екі топқа бөлінген қызметкерлер барлық қазақ халқының қолданбалы қолөнер бұйымдарын жинақтап көрме жасап балалардың назарына ұсынды. Көрмені аралаған кезде балаларға халқымыздың этно мәдениетінен мағлұмат берілді. Ересектер тобы мен мектепалды дайындық топтарындағы бөлме гүлдері өздерінің алуан түрлілігімен көзге түсті. Табиғат бұрышында еңбек құралдары орнатылған. Олармен балалар еңбек етіп, гүлдерге күтім жасайды. Жылдық байқау қорытындыларын сараптай келе «Жұлдыз» мектеп алды тобы жақсы жұмыстар атқарды.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша медбике Мактұмқұлова Қаламқас сөз алды. Балалармен жүргізілетін жазғы сауықтыру жоспарымен таныстырды. Онда балаларды жазғы маусымда таза ауада көбірек ойнатып, шынықтыру шаралары таза ауада өтілетіндігі айтылды. Жазғы сауықтыру жоспарында балаларды витаминді тағамдармен кеңінен тамақтандыру жоспарланғаны

айтылды. Жаңа піскен жемістерден сусын дайындау, жеміс түрінде беру бала денсаулығын сақтаудың алғы шарты деп аяқтады сөзін.

Тындалды:

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Джапарбекова Жақсыкүл сөз алды. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқаулықпен таныстырды. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата-аналар қатысуы керек. Әрбір сүйіспеншілікке толы ата-ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе. Балалар әрдайым мойынсұнбайды, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланың баласы балабақшаға әкелінген кезде, баланың жарақаттануына жол бермеу үшін өте маңызды. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін күннің өзінде тікелей жанында тұрған адам жауапты. екендігін айтты. Қызметкерлер нұсқаулықпен танысты.

Қаулы:

1. Байқау жеңімпаздары марапатталсын
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру шаралары жоспары бекітілсін.
3. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін қатаң сақтау!

Балабақша меңгерушісі:

Ж.Р.Джапарбекова

Хатшы:

Халикова .Ә

